

**«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Жаңатас көпсалалы колледжі»
мелекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны бос лауазымга орналасуға
конкурс туралы хабарландыру**

Жаңатас қаласы

«4» қараша 2024 жыл

Конкурс өтетін мекен-жайы: Пошталық индексі 080700, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жаңатас қаласы, 5 мөлтек ауданы, 1 үй. Анықтама үшін телефон: 87263462614, 87021157497 электрондық мекен-жай: Kolledzh@mail.ru.

**«Жаңатас көпсалалы колледжі» МКҚК – на қажетті лауазым «Басшысының оку-
әдістемелік бірлестігі жөніндегі орынбасары»**

«Мемлекеттік білім беру үйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымдау, лауазымынан босату қагиадарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандагы № 57 бұйрығына бүйрекке сәйкес конкурс жүргізіледі.

Біліктілік талаптары:

тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білім немесе өзге де жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) кәсіптік білім және білім беру үйымдарындағы жұмыс етілі кемінде 5 жыл;

немесе білім беру үйымының "үшінші біліктілік санатты басшысының орынбасары" немесе "екінші біліктілік санатты басшысының орынбасары" немесе "бірінші біліктілік санатты басшысының орынбасары" біліктілік санатының болуы.

Лауазымдық міндеттері:

жетекшілік ететін қызмет бағыттарына сәйкес әдістемелік жұмысқа тікелей басшылықты жүзеге асырады;

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды, жұмыс оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларын, білім беру бағдарламаларын, оқу-әдістемелік құралдарды, оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен электрондық оқулықтарды әзірлеуге қатысады қамтамасыз етеді;

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында оқу-тәрбие процесін жетілдіру бойынша конференциялар, семинарлар өткізуі үйымдастырады;

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің оқу пәндері бойынша оқу-әдістемелік құралдарды, оқытудың қазіргі заманғы технологияларын енгізу, білімді бақылау және оқу процесін ақпараттандыру бойынша ұсыныстар мен әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу жөніндегі жұмыстарды үйимдастыруды жүзеге асырады;

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында оқу-әдістемелік жұмыс қызметін үйимдастыру тәжірибесін зерделеуді және оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындауды үйимдастырады;

білім алушылардың ғылыми-техникалық шығармашылығын үйимдастыру, үздік курстық және дипломдық жобаларға, мамандықтар бойынша кәсіби шеберлікке конкурстар үйимдастыру және өткізу тәжірибесін жинақтайды;

білім беру үйымдары оқытушыларының республикадағы және шет елдердегі ұқсас кәсіптер мен мамандықтар бойынша халықаралық, республикалық конференцияларға қатысуы және тағылымданадан өтуі үшін ұсыныстар енгізеді;

шеберханаларда санитариялық-гигиеналық тәртіп ережелерін сақтау, Еңбек қауіпсіздігі және енбекті қорғау бойынша жұмыстарды ұйымдастырады;

колданыстағы нормативтік-құқықтық актілер мен нұсқаулықтарға сәйкес белгіленген есептік құжаттаманың уақтылы жасалуын қамтамасыз етеді;

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының басшылары мен басшылары орынбасарларының біліктілік санаттарын беру (растай) кезінде қойылатын тиімділік көрсеткіштеріне сәйкес келеді;

білім алушылар, педагогтар және басқа да қызметкерлер арасында сыйбайлар жемқорлыққа қарсы мәдениетті, Академиялық адалдық қағидаттарын бойына сініреді.

Білуге тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі, Қазақстан Республикасының Енбек кодексі, "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" кодекс, Қазақстан Республикасының Әкімшілік ресімдік-процессуалдық Кодексі, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Зандары;

білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламалары, білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша өзге де нормативтік құқықтық актілер;

педагогикалық этиканың нормалары;

мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, педагогика және психология, әлеуметтану негіздері, қазіргі заманғы педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктері;

басқарудың инновациялық әдістері, экономика негіздері; енбек қауіпсіздігі және енбекті қорғау, өртке қарсы қорғау ережелері.

Лауазымдық жалақысы: 120 000 – 180 000 т.т. аралығы (*еңбек өтіліне орай және оқу жыл басындағы бөлінген сағат сандарына орай*)

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адам хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімінде келесі құжаттарды электрондық немесе қағаз түрінде жолдайды:

1) осы Қағидаларға 15-жылдық шағындағы сәйкес нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, Конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) жеке басын куәланыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электронды құжат (идентификация үшін);

3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парагы (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса);

4) Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

5) енбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);

6) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндеттін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандығы № КР ДСМ-175/2020 бүйрекмен бекітілген нысан бойынша

денсаулық жағдайы туралы анықтама (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркеլген).

7) психоневрологиялық үйімнан аныктама:

8) наркологиялық уйымнан аныктама:

9) сертификаттаудан ету нәтижелері туралы сертификат немесе педагог-модератордан төмен емес қолданыстағы біліктілік санатының болуы туралы күәлік (бар болса):

10) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында арнайы пәндер бойынша педагогтер және өндірістік оқыту шеберлері лауазымдарына педагогикалық қызметке кіріскең, тиісті мамандық немесе бейін бойынша өндірісте кемінде 2 жыл жұмыс өтілі бар педагогтер сертификаттаудан өтуден босатылады.

· 11) 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған бағалау парады.

12) тәжірибе жоқ кандидаттың бейнепрезентациясы кемінде 15 минут, ең төменгі ажыратымдылығы – 720 x 480

Конкурсқа қатысты көрсетілген құжаттардың біреуінің болмауы құжаттардың кандидатқа қайтару үшін негіз болып табылады.

Конкурсқа қатысуға күжаттарды қабылдау конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған соңғы күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтығы мен обьективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына келісім бойынша басқа білім беру ұйымдарының өкілдерін енгізуге рұқсат етіледі.

Кандидаттар конкурстың комиссияның шешімімен келістеген жағдайда Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексінің нормаларына сәйкес шағым береді.

Конкурсқа қатысушылар конкурстық комиссия шешіміне жоғары тұрган органның апелляциялық комиссиясына немесе сол тәртібімен шағымдана алды.

Кадр бөлімінде менгерүшісі



Г.Айнекова